

КМҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы

«Бекітілді»
№29 «Нұрсая» бөбекжай-бақша
директоры Б.О.Мұғауова
«31» тамыз 2017жыл
№1 педагогикалық кеңесте
шешімі негізінде №54 бұйрық

**2017-2018оқу жылындағы ересек тобына арналған
вариативтік компонент «Ойна да ойлан»
(36сағат)**

Ересек тобы

2017-2018 оқу жылы

«Ойна да ойлан» вариативтік компоненті

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2016 жылғы 13 мамырдағы №292 ҚР Үкіметінің қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша) сәйкес жалпы білім беретін балабақшалардың ересек жастағы балаларға берілген 4 сағат вариативтік компонентті жүзеге асыру бағытында 1 сағаты А.Аменованың «Логика» ересек жастағы балаларға арналған әдістемелік құралы негізінде жоспарланды. (АӘК сараптама кеңесі, 21.02.2017 ж №2 хаттама)

Мақсаты:

- Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру.
- Балаларды көрнекті-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге, олардың жалпы ойлау қызметін дамыту.
- Көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығын арттыру.

Міндеттері:

- Меңгерулеріне лайықты жаттығулар, өздігінен орындайтын тапсырмалар, практикалық жұмыстар, логикалық ойын дамытатын, баланы жазуға жаттықтыратын, шығармашылық қабілетін оятып, пәнге қызығушылығын арттыратын жаттығулар жүйесі алма-кезек, әр түрлі деңгейде беріліп жүзеге асырылып отырылады.

Күтілетін нәтиже:

- Заттардың қасиеттері туралы түсініктері қалыптасады. Балалар заттарды салыстыра біледі. Реттік және есептік санауды

жаттығады. Заттардың өлшем, материал секілді қасиеттерімен танысады. Заттардың үлкен және кіші санын анықтайды.

Заттарды топқа бөліп үйренеді. Ұқыпты жұмыс істеуге дағдыланады. Ойлау қабілеттері дамиды. Ой-қиялы, шығармашылығы дамиды.

Ұйымдастырылған оқу оқу қызметінің жалпы көлемі – **1 сағат**.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы **25-30 минут**.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық жүктемесі-36 сағат

Тақырыптық күнтізбелік жоспары

р/с	Айы	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс- тәсілі	Көрнекілігі	сағаты
1	қыркүйек	«Бір-көп. Ортақ белгілеріне қарай заттарды топтастыру және топтан белгілі бір заттарды бөлу».	Заттарды топтастыра білуге, оларды үлкен-кішілігін айырып, олардың ішінен жеке затты тауып көрсетуге түсініктерін қалыптастыру. Бір және бірнеше терминдерін енгізу.	Түсіндіру,көрсету,дәптермен жұмыс.	Жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар,балапан дәптері.	1
2		Сонша,көбірек,азырақ	Балаларға заттардың бір-бірінен көбірек немесе азырақ, және бірдей екендігін көзбен мөлшерлеу арқылы ажырата білуін қалыптастыру. Дәптермен ұқыпты жұмыс жүргізе білуге үйрету.	«Айыра біл»ойыны, дәптермен жұмыс.	Жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар,балапан дәптері.	1
3		«1цифры.1саны».	Үлгіні пайдалана отырып,1цифрын салуды үйрету.Цифрлар арасынан 1санын тауып алу, үлгі бойынша	Саусақпен салу, үлгі бойынша сызу.	Түрлі түсті карандаштар, балапан дәптер.	1

			бастыру.			
4		Логикалық ойын: « Бірдей заттарды тап»	Ойын тапсырмалары бойынша берілген әртүрлі суреттерден бірдей заттарды тауып белгілеп, бояу.	Түсіндіру, көрсету, жеке жұмыс.	Үлестірмелі суреттер, жәй қарандаш, бояулар.	1
5	Қазан	«2цифры.2саны»	Үлгіні пайдалана отырып, 2цифрын салуды үйрету. Цифрлар арасынан 2санын тауып алу, үлгі бойынша бастыру. Суреттерден 2 санына сәйкес келетінін табу және сәйкестендіру.	Тақтаға жазғызу, үлгіні бастыру, өз беттерімен жұмыс.	Жәй қарандаш, бор, балапан дәптер	1
6		«3цифры. 3саны»	Үлгіге 3 санына салу, суреттерменен цифрды сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру. Дәптермен ұқыпты жұмыс жүргізе білуін жетілдіру.	Өзіндік жұмыстар, саусақпен ауада салғызу, дәптермен жұмыс.	Жәй қарандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері	1

7	Қараша	«4 цифры.4саны»	Үлгіге 3санын салу, суреттерменен цифрды сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру.Карточкалармен тапсырмаға сәйкес жұмыс жүргізе білу қабілеттерін жетілдіру.Тапсырмаларды орындау арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.	Түсіндіру,карточка- лармен жұмыс жүргізу.	Түрлі түсті карандаштар, балапан дәптері.	1
8		Логикалық ойын: «Қанша аң жасырылған?»	Балаларды ойын тапсырмалар арқылы қызығушылықтарын арттыра отырып суреттерден жасырынған аңдарды табу.	Ойын,тапсырма,жеке жұмыс.	Үйлестірмелі суреттер,жәй карандаш,бояулар.	1
9	Қараша	5цифры.5саны	Үлгі бойынша 5цифрын салу, қабілеттерін жетілдіру.Суретін апсырмалар арқылы 5санын бекіту түсу.	Түсіндіру, д/о: «керекті санды тап»,жұмыс дәптермен жұмыс.	Түрлі түсті карандаштар, балапан дәптер.	1
10		Есептік санау (5ке дейін шекте)	Балаларға сан және есеп туралы ұғым беру,санаудың алғы	д/о: Сана да-цифрын жаз», дәптермен	Жәй карандаштар,түрлі түсті бояулар,балапан	1

			шарттарын түсіндіру. Тапсырмалар арқылы санауға үйрету.	жұмыс.	дәптері.	
11		Реттік санау. (5 ке дейін шекте	Балаларға сандық қатар туралы ұғым беру, суреттерге қарап заттарды ретімен санай білуге үйрету. Дәптермен жұмыс жүргізген де саусақ қозғалыстарын жетілдіру.	Түсіндіру, көрсету, санау, дәптермен жұмыс.	Жәй қарандаштар, түрлі түсті қарандаштар, карточкалар, дәптермен жұмыс.	1
12		Логикалық ойын: «Қай зат-қайсысына тиісті?»	Балаларға слайд арқылы адамдар мен жануарларға тиісті құралдарды тауып біріктіру. Құралдардың қандай пішінге ұқсайтынын табу.	Ойын, тапсырма, слайд, жеке жұмыс.	Үйлестірмелі суреттер, жәй қарандаштар, бояулар.	1
13	Желтоқсан	Тура және кері санау (5 ке дейін шекте)	Балаларға сандық қатарға сүйене отырып, сандарды тура және кері санату. Өз беттерімен санап білулерін дамыту, қабілеттерін арттыру.	Қатармен санау, жеке жұмыс, дәптермен жұмыс.	Карточкалар, жәй қарандаштар, дәптермен жұмыс.	1
14		Берілген санның алдындағы және соңындағы сан.	Балаларға сандардың қатарласа орналаса реттіліктерін ойда сақтауларын дамыту. Белгілі бір санның көршілерін таба білуге үйрету.	Түсіндіру, көрсету, ойын, дәптермен жұмыс.	Жәй қарандаштар, түрлі түсті қарандаштар, карточкалар, дәптермен жұмыс.	1
15		Үлгі және көп мөлшерде берілген сан бойынша заттардың белгілі бір шамасын санау (5 ке дейін)	Балаларға заттарды санау ұғымдарын қалптастыруды жетілдіре түсу, заттарды өз	Түсіндіру, ойын, көрсету, дәптермен жұмыс.	Жәй қарандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері.	1

			беттерімен санап айтуға үйрету.			
16		Логикалық жұмбақтар шешу	Балаларға ауызша логикалық жұмбақтар жасыра отырып, шешімін тез табуға дағдыландыру. Ауызша есептеуді үйрету.	Логикалық жұмбақтар жасыру, слайд қарау.	Суреттер, слайд.	1
17	Қаңтар	Топқа қосу арқылы екі топтың заттарын теңестіру.	Балаларға заттарды бір-біріне қосу, қосқанда көбейетіндігі туралы ұғымды беру. Тапсырмалар орындау арқылы қосу ұғымын бекіту.	Түсіндіру, топтық жұмыс, жеке жұмыс, ойын, дәптермен жұмыс.	Карточкалар, жәй қарандаштар, дәптермен жұмыс.	1
18		Топтан бір затты алып тастау арқылы екі топтың заттарын теңесу.	Тапсырмалар арқылы заттардың ішінен бір затты алып тастау арқылы теңестіру. Теңестіру ұғымын бойларына сіңіру. Суреттермен жұмыс жүргізу арқылы алған білімдіктерін тиянақтау.	Түсіндіру, көрсету, тақтамен және жеке жұмыстар, дәптермен жұмыс.	Жай қарандаштар, түрлі түсті бояулар, суреттер, балапан дәптері, карточкалар.	1
19		Геометриялық пішіндер: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш.	Геометриялық пішіндер туралы түсінік беру. Заттардың пішіндерін анықтап, оларды сәйкестендіру. Заттарды ұқыпты ұстауға, орнына қоюға, жинақтауға тәрбиелеу.	Суреттер көрсету, түсіндіру, тақтамен дәптермен жұмыс.	Жәй қарандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері.	1
20		Логикалық ойын: «Затты ұқсас фигуралармен біріктірі»	Балаларды карточкалармен жұмыс жасауға дағдыландыру, фигураларды өзіне ұқсас айнала кездесетін заттармен	Ойын, тапсырма, слайд, жеке жұмыс.	Суреттер, слайд.	1

			біріктіру.			
21		Көлем (ең үлкен –ең кішкентай, үлкен- кішкентай, көлемдері бірдей)	Көлем.(ең үлкен, ең кішкентай үлкен-кішкентай, көлемдері бірдей). Заттарды көлемін- пішінін ажырата отырып, ең үлкен, ең кішкентай ұғымын қалыптастыру, сәйкес пішіндермен байланыстыру. Зейіндерін, логикалық ойлауларын қалыптастыру.	Көрсету, түсіндіру, суретпен жұмыс бояу, дәптермен жұмыс.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері.	1
22	Ақпан	Ұзындық.(ең ұзын –ең қысқа, ұзынырақ- қысқарак, ұзындықтары бірдей)	Ұзындық туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттардың ұзындығын бір-біріне салу арқылы олардың ең ұзын –ең қысқа деген ұғымды қалыптастыру. Кеңістік қиялымен сөйлеу қабілетін дамыту.	Түсіндіру,көрсету,салыс-тыру, ойын, дәптермен жұмы.	Ұзын және қысқа заттар, Жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері.	1
23		Ені (Ең жалпақ –ең енісіз,кеңірек-ендірек, тарырақ-енсіздеу, ені бірдей)	Балаларға заттардың ені жағынан жалпақ, енісіз, тар-кең ұғымдарын түсіндіру. Көрсету және салыстыру арқылы заттардың біркелкі еместігін ұғындыру. Суретті тапсырмалар арқылы білімділіктерін дамыту.	Түсіндіру, көрсету,салыстыру,дәп-термен жұмыс.	Ұзын және қысқа заттар,жй карандаштар,түрлі түсті бояулар, балапан дәптері.	1
24		Логикалық ойын: « Жұптастыр да сана»	Біркелкі суреттердің ішінен дәл жұбын тауып, бағыттаушы сызықтар арқылы қосу. Тапсырманы орындауда қол	Ойын, тапсырма, жеке жұмыс.	Жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар.	1

			үйлесімділіктерін дамыту.			
25	Наурыз	Биіктік (ең биік-ең аласа, биігірек, биіктеу-аласа аласалау-биіктіктері бірдей)	Балалардың көлем туралы білімдерін тиянақтай отырып, биік-аласа, ең биік –ең аласа, биіктіктері бірдей заттарды таба білуге үйрету. Жұмыс дәптермен ұқыпты жұмыс жасау.	Түсіндіру, көрсету, ойын, салыстыру, Дәптермен жұмыс.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері.	1
26		«Жуындық (ең жуан-ең жіңішке, жуанырақ-жуандау, жіңішкерек-жіңішкелеу, жуандықтары бірдей)»	Қарапайым математикалық ұғымдардың бірі жуан-жіңішке ұғымдарын балаға түсіндіре жеткізу, логикалық тапсырмалар арқылы ұғымдарын дамыту. Өз беттерімен айырып айта білуге үйрету.	Салыстыру, көрсету, түсіндіру, жеке жұмыс, дәптермен жұмыс.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері.	1
27		Кеңістікті бағдарлау «Оң және сол жақ»	Балаларға оңға, солға, түсініктерін айыруға үйрету. Заттың санын цифрмен сәйкестендіруге дағдыландыру. Оқиганы ретімен анықтауға бейімдеу, қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру.	Түсіндіру, көрсету, бағдарлай білу, ойын тапсырмаларын орындау.	Жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері, карточкалар.	1
28		Логикалық ойын: «Лабиринтте жүріп өт»	Балаларға шытырман лабиринтте дұрыс жолды тауып бергілей білу қабілеттерін дамыту, ойлау және зейіндерін жетілдіру.	Түсіндіру, көрсету, сын тұрғысынан ойлау.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, карточкалар.	1

29	Сәуір	Кеңістікті бағдарлау «Жоғары және төмен».	Екі топтағы заттарды сәйкестіндіруге жаттықтыру, заттарды орналасқан орнын анықтау және сөзбен жеткізу (жоғары, төмен, арасында). Балаларға заттардың кеңістікте орналасуын анықтап айта білуге, бағдарлай білуге үйрету, танымдық қабілеттерін дамыту. Жұмыс барысында бір-бірін толықтырып отыру.	Топпен жұмыс, карточкамен жұмыс, дәптермен жұмыс.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, карточкалар, балапан дәптері.	1
30		«Заттардың бір-бірімен салыстырмалы жағдай орналасу орнын анықтау (алдында-артында, үстінде- астында, оң жақта-сол жақта)»	Балаларға заттардың орналасуында кеңістікте орналасуын дәл анықтауға үйрету, салыстырмалы түрде ажырату арқылы алдында – артында, үстінде – астында, оң жақта-сол жақта ұғымдарын бекіту.	Түсіндіру, көрсету, бағдарлай білу, ойын тапсырмалар орындау	Жәй карандаштар түрлі түсті бояулар, суреттер, балапан дәптері.	1
31		«Белгілі бағыт бойынша қозғалыс (Жоғары – төмен, оңға-солға)»	Ойын тапсырмалар арқылы бағыт-бағдарды жоғары-төмен, оңға-солға айыра білуін дамыта түсі. Дәптермен жұмыс жүргізгенде ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, ойын, дәптермен жұмыс.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері.	1

32	Мамыр	Логикалық ойын: «Үйде және аулада»	Балаларды сюжетті сурет бойынша математикалық ұғымдар (түс, пішін, сан, уақыт, көлем) туралы түсініктерді бекіте есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, топпен орындауға дағдыландыру.	Түсіндіру, көрсету, сынтұрғысынан ойлау.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, карточкалар.	1
33		Уақытты бағдарлау «Уақыт»	Балаларға уақыт туралы ұғам беру. Уақыттың сағатпен өлшенетінін, оның бөліктерін суреттік тапсырмалар арқылы жеткізу.	Түсіндіру, көрсету, топпен және жекелей жұмыс.	Сағаттың суреті, жәй карандаш, балапан дәптері.	1
34		«Тәулік бөліктері» Таңертең, түс, кеш-түн».	Балалардың тәулік бөліктері туралы ұғымдарын жетілдіре түсу, таңертең күндіз, кеш түн мезгілдерінің бірінен соң-бірі кезектесіп келетінін ұғындыру. Слайд арқылы алған білімділіктерін дамыту.	Түсіндіру, әңгімелеу, слайд қарау, дәптермен жұмыс.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, слайд балапан дәптері.	1
35		Логикалық ойын: «апта күндерін үйренейік»	Уақыт туралы ұғымды жетілдіре отырып, бұрынырақ-кейінірек ұғымдарымен танысу. Карточкалар арқылы түсініктерін дамыта түсу.	Суретпен түсіндіру, ой қозғау, карточкамен жұмыс.	Жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, балапан дәптері, карточкалар.	1

36		Логикалық ойын: « Суреттерді ретіне қарай сандарды белгіле»	Балаларға суреттерге жіті қарай отырып, уақыт мөлшерін дәл анықтай білуге үйрету. Уақыт бағдарын суреттер тұсына санмен белгілеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, слайд қарау, суреттер.	Суреттер, жәй карандаштар, түрлі түсті бояулар, слайд, балапан дәптері.	1
----	--	---	---	---	--	---

Тақырыптық күнтізбелік жоспары

р/с	Айы		Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	сағаты
1	қыркүйек		«Балабақша. Білім күні».Дыбыс пен әріп (Үзік сызықтар жазу)	Балабақша балалар мекені екнін ұғындыру. Оларды татулыққа, өзара достыққа тәрбиелеу. Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру,бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді үйрету.Сызықшалар жазу.Үстелде түзу отыруды қалыптастыру.	Әліппе дәптер карандаш	1
2			«Отбасы және құндылықтары» Дыбыс пен әріп (Ұзын және қысқа таяқшалар)	Жанұяда балаларды өзара сыйластық, достық қарым-қатынасқа үйрету. Сөздердің дыбыстардан құралатынын ұғындыру. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазу, саусақ бұлшық еттерін дамыту, жазу кезінде дұрыс отыруға қалыптастыру.	Әліппе дәптер карандаш	1
3			«Мен адаммын» Сөз.А дыбысымен әріпі (А әріпін жазу)	Балаларды өздері туралы білуге үйрету. Мен кімін?Деген сұраққа	әліппе дәптер карандаш А әріп	1
4			«Табиғат бұрышы» Сөз туралы түсінік (Аәріпін жазу)	Тірі табиғат бұрышын мекендеушілер, оларға күтім жасау жолдарын таныстыру.Сөздерді салыстыру. Адыбысын сөз арасында айыра білуге тәрбиелеу. А әріпін дұрыс жазуға қалыптастыру.Саусақ бұлшық еттерін дамыту.	Әліппе дәптер, карандаштар,суреттер.	1

5	Қазан	«Өсімдіктер әлемі»	«Жабайы табиғат әлемі» Сөзбен дыбыс Т дыбысы әріпі Т әріпін жазу.	Адам мен табиғаттың тығыз байланыста болатынын түсіндіру. Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын, Т әріпін жазу, қаламды дұрыс ұстайды үйрету.Дәптерді сәл қиғаш ұстауды үйрету.	Әліппе дәптер,қарандаштар,Т әріпі	1
6			«Орманда нелер өседі?» сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар	Балаларға табиғат аясындағы серуеннің маңызы жөнінде түсіндіру. Есту қабілеттерін жетілдіру. Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын білдіру. Адам денесінің сызбаларын бояу.	Әліппе дәптер,қарандаштар, суреттер.	1
7			«Ағаштар мен бұталар» Н дыбысы мен әріпі (Н әріпін жазу)	Қызыл кітапқа енгізілген ағаш, бұта түрлерімен таныстыру. Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Н әріпін жазуға үйрету. Қаламды дәптерді ыңғайлы ұстауға жаттықтыру.	Әліппе дәптер қарандаш, Н әріпі	1
8			«Берекелі алтын күз» Н дыбысы,әріпі (Н әріпін жазу)	Күзгі бау-бақша өнімдерінің, күз байлығының пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Балалардың ойын дамыту,	Әліппе дәптер қарандаштар, суреттер.	1

				сөздік қорын молайту. Н дыбысы туралы білімдерін бекіту, дәптерге жаздыру, денелерін тік ұстап отыруға жаттықтыру.		
9	Қараша	«Табиғат әлемі»	Құстар- біздің досымыз.Ғ-дыбысы мен әріпі (Ғ әріпі жазу)	Құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру,құстардың пайдасы туралы білімді бекіту .Ғ әріпін жазу кезінде дәптерлерін ыңғай түрде ұстауға қалыптастыру.	Әліппе дәптер,карандаш Ғ әріпі	1
10			Үй жануарлары Ғ-дыбысы және әріпі (Ғ әріпін жазу)	Балалардың үй жануарларына қамқорлығын тәрбиелеу. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ғ-әріпімен таныстыру жалғастыру, дәптерге жазғызу.	Әліппе дәптер, карандаш,суреттер.	1
11			«Жабайы жануарлар»Рдыбысы, әріпі Р әріпін жазу	Жабайы аңдар туралы түсінік беруді жалғастыру сүюге және олардың тіршілігін зерттеуге қызығушылыққа тәрбиелеу.Р дыбысымен әріпімен таныстыруды жалғастыру,Р әріпін дәптерге жазуды дағдыландыру.	Әліппе дәптер карандаш, Р әрпі	1

12			«Су қойма мекендеушілері» Р- әріпін жазу.	Қазақстан өзен-көлдерін мекендейтін балық түрлерімен таныстыру. Суды ұқыпты, үнемдеп қолдану арқылы балаларды тазалыққа баулу. Р дыбысын дұрыс дыбыстату, білімге деген қызығушылықтарын арттыру. Р әріпін жазу.	Әліппе дәптер карандаштар, суреттер.	1
13	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным»	«Тарихқа сахат» О дыбысы және әрпі О әріпін жазу	Балалардың өз Отаны туралы түсініктерін жетілдіру. Туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. О-әріп таңбасымен таныстыру, жаздыру.Саусақ бұлшық еттерін дамыту.	Әліппе дәптер карандаш,Оәріпі	1
14			«Менің туған өлкем» О дыбысы мен әріпі. О әріпін жазу.	Балаларға туған өлкелері туралы мәлімет беру. Туған жерлерін сүюге қадірлеуге тәрбиелеу.О дыбысын және әріпімен таныстыруды бекіту, үстелде тұзу отыруды дағдыландыру.Таза, ұқыпты жазуға үйрету.	Әліппе дәптер,карандаш, суреттер.	1

15			«Тәуелсіз Қазақстан» Қ дыбысы және Қ әріпін жазу	Балаларға Қазақстан республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет екені туралы түсінік беру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсінігін жетілдіру.Қ дыбысы және әріпімен таныстыруды жалғастыру.Қ әріпін дұрыс жазуға үйрету.	Әліппе дәптер,карандаш, суреттер.	1
16			«Астана-Отанымыздың жүрегі» Қ дыбысы мен әріпі Қ әріпін жазу	Балаларды Қазақстанның бас қаласы Астананың сұлулығына деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. Қ әріпін таныстыру, қ әріпі бар сөзді оқуға жаттықтыру.	Әліппе дәптер карандаштар, суреттер.	1
17			«Бәрі мен жайлы» М дыбысы, әріпі М әріпін жазу	Балалардың өз ата-тегін білуге қызығушылықтарын дамыту. Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту. Мдыбысына сөз құрауды дамыту, дәптерге ұқыпты, таза жазуға тәрбиелеу.	Әліппе дәптер карандаштар, суреттер.	1

18		«Дені саулық –жаны сау»	«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер» М дыбысы және әріпі М әріпін жазу.	Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы жөнінде әңгімелеу. М дыбысы және әріпімен таныстыруды бекіту, М әріпін діптерге жазу.	Әліппе дәптер, карандаштар, М әріпі	1
19			Өз-өзінді қорғай біл!» Б дыбысы, әріпі Б әріпін жазу	Балаларды әртүрлі жағдайға байланысты әрекет етуге қалыптастыру. Б дыбысын дұрыс дыбыстатуға жатықтыру. Б әріпін мұқият жазуға қалыптастыру.	Әліппе дәптер, карандаштар, Б әріпі	1
20			«Спорт- денсаулық мекені» Б дыбысы және әріпі Б әріпін жазу	Балаларды дене тәрбиесінің маңызымен таныстыру. Б дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыруды жалғастыру. Б дыбысы кездесетін сөз ойлап, буындарды жазуға үйрету.	Әліппе дәптер,карандаштар	1
21	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	«Ғажайыптар әлемі» С дыбысы, әріпі С әріпін жазу	Табиғат әлемінде деген қызығушылықтарын арттыру. Өлі табиғат туралы түсінік бере отырып, оны адам қолымен жасалған заттардың ажыратуға тәрбиелеу. С дыбысы және әріпін таныстыру, С әріпін дәптерге жазу.	Әліппе дәптер карандаш, С әріпі	1

22			«Көліктер. ЖЖЕ сақта!» С дыбысы және әріпі С әріпін жазу	Табиғат туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға үйрету. Жолда жүру ережелерін сақтау туралы түсіндіру. С дыбысы және әріпімен таныстыруды жалғастыру.	Әліппе дәптер карандаш,суреттер	1
23			«Электроника әлемі. Байланыс құралдары» Ң дыбысы, әріпі Ң әріпі жазу.	Адамға қажетті электроника құралдары туралы. Қызығушылықтарын арттыру. Ң әріпін дәптерге жазуды үйрету.Үстелге түзі отыруды қалыптастыру.	Әліппе дәптер, карандаш,Ң әріпі	1
24			«Пайдалы қазбалар» Ң дыбысы мен әріпі Ң әріпі Ң әріпін жазу	Еліміздің табиғат байлықтары (көмір, мақта, күріш, ұн, қант, көкөністер мен жемістер, күнбағыс майы күнбағыстың дән)және т.б. көрсетіп, ол туралы не білетіні мәлімет беру. Ң дыбысы бар сөздер құрастыру, дәптерге жазу.	Әліппе дәптер, карандаш, суреттер	1
25			«Қазақ халқыныңсалт- дәстүрлері» Е дыбысы,әріпі Е әріпін жазу	Балаларды әртүрлі салт- дәстүрлерге қызығушылығын арттыру. Е дыбысымен әріпін таныстыру. Е дыбысын дәптерге жазу, буындарды көшіріп жазу.	Әліппе дәптер карандаш, Е әріпі	1

26	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	«Қазақ ауыз әдебиеті» Е дыбысы мен әріпі Е әріпін жазу	Балаларды ауыз әдебиеті үлгілеріне қызығушылығын тәрбиелеу. Е дыбысы және әріпімен таныстыруды бектіру, жазуды жалғастыру. Ұқыптылыққа, әдемілікке, тазалыққа тәрбиелеу.	Әліппе дәптер карандаштар, Е әріпі	1
27			«Өнер көзі-халықта» І дыбысы мен әріпі І әріпін жазу	Балаларды байланыстырып сөлеуге тәрбиелеу. І дыбысымен, әріпімен таныстыру. Сөзге дыбыстық талдау жасату, І дыбысы бар сөздерді оқу, жазу.	Әліппе дәптер карандаш, көктем суреттері	1
28			«Наурыз келді. Табиғат оянды» І дыбысы мен әріпін қайталау. І әріпін жазу.	Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Жылдың көктем мезгілінде табиғаттың түрленетінін, жан-жануардың жанданып, гүл қаулайтыны туралы ұғым беру І әріпін жазу, құрамында і дыбысы бар сөз жазу.	Әліппе дәптер карандаш, көктем суреттері	1

29	Сәуір	«Біз еңбекқор боламыз»	«Мамандықтың бәрі жақсы» Ә дыбысы мен әріпі Ә әріпін жазу	Әр түрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту. Әр түрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу. Әдыбысы және әріпімен таныстыру. Дәптерге жазуды жалғастыру.	Әліппе дәптер карандаш, Ә әріпі	1
30			«Адам және ғарыш» Ә дыбысы мен әріпі Ә әріпін жазу	Балаларға алғашқы қазақ ғарышкерлері туралы түсінік беру, оларды мақтан ету, құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу. Құрамында ә дыбысы бар сөздер жазу.	Әліппе дәптер, карандаш, суреттер	1
31			«Табиғат аялайық» Әдыбысы мен әріпі Ә әріпін жазу	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап ажырата білуге тәрбиелеу. Әдыбысымен әріпімен таныстыру, жазу.	Әліппе дәптер, карандаш, Ә әріпі	1

32			«Гүлдер әлемі» Ө дыбысы мен әріпі Ө әріпін жазу	Гүлдермен таныстыру, олардың бөліктерін атай білуге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. Ө дыбысы бар сөздер жазу.	Әліппе дәптер, карандаш, суреттер	1
33	Мамыр	«Өрқашан күн сөнбесін»	«Достық-біздің тірегіміз» Ү дыбысы мен әріпі Ү әріпін жазу	1 Мамыр Қазақстан халқының ынтымақ күні туралы түсінік беру. Ү дыбысы және оның таңбасымен таныс, дәптерге жазуды жалғастыру.	Әліппе дәптер, карандаш, Ү әріпі	1
34			«Отан қорғаушы батырлар» Ү дыбысы мен әріпі Ү әріпін жазу	Отан қорғаушылар мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың бойына патриоттық сезім тәрбиелеу. Ү дыбысы бар сөздер ойластырып, оны дәптерге көшіріп жазу тәрбиелеу.	Әліппе дәптер, карандаш, суреттер, әріптер	1
35			«Шөпте не жорғалайды?» Өткенді қайталау.	Жәндіктер-табиғаттың бір бөлшегі екенін, оларды орынсыз жәбірlemeу қажеттігін ұғындыру. Өткен әріптерді дидактикалық ойын арқылы қайталап естеріне түсіру. Буындар жазу.	Әліппе дәптер, карандаш, ойын материалдары	1

36			«Көңілді жаз» Балалар білімін қорытындылау	Балаларға жайқалған жаз мезгілінің ерекшелігі туралы түсіндіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталатып естеріне түсіру. Байқампаздыққа тәрбиелеу. Сөздер жазу.	Әліппе дәптер қарандаш, әріптер, суреттер.	1
----	--	--	--	---	---	---